

**Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі**  
**Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы**

**РАХЫМБАЕВ Т.**

**Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақ опера өнеріндегі баритон**  
**орындаушылары**

**РЕФЕРАТ**

**Мамандық 5B040300 – вокалдық өнер**

Алматы 2021

**Зерттеудің өзектілігі:** Алтайдан Атырауға дейінгі созылып жатқан қазақ даласы қай кезде де өнерден кенде болған емес. Олай дейтініміз Абай ақын айтқандай «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен», - дегендей еліміздің әр өңірінде географиялық орнына сай ән мектептері қалыптасты. Кәсіби сипаттағы әншілік өнер саласында Ақан сері, Біржан сал, Мұхит, Жаяу Мұса секілді көптеген өнер саңлақтары көрінді. ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында ғылым мен мәдениеттің өркендеуінен туған Ренессанстық құбылыстың болғанын растайды. Бұл үлкен рухани үдеріс қазақ мәдениетінің ХХ ғасырдағы даму бағыттарын да анықтаған еді.

ХХ ғасырда қазақ музыкалық мәдениеті жаңа әуендік және жанрлық түрмен байыды. Аз ғана уақыт ішінде қазақ музыкасы Еуропалық классикалық музыканың көпдауыстылығымен жанрлық бағытын игерді. Бұл – опера, симфония, балет, аспаптық концерт, контата, оратория, ансамбль, оркестр, хор болды. Дәл осы кезең Қазақстанның музыка өнерінің гүлденген кезеңі. Жаңа композиторлық мектептер құрыла бастады [1].

Қазақ музыкасының опера жанрындағы баритон дауысты орындаушылардың шығармашылығына олардың орындау ерекшеліктері мен мәнеріне байланысты зерттеу жұмысымыздың маңызы айқындалмақ.

Баритон дауысының ерекшелігі ол қоңыр үнді болып келеді, яғни дауыстық тембрге бай. Қазақ музыкасында, вокалды музыкалық сатыда баритон дауысты орындаушыларды атап өтер болсақ. Кәукен Кенжетәев бастаған, Ришат пен Мүсілім Абдуллиндер, Ермек Серкебаев, Дауыл Хайруллин, Авхий Хавлаш Әбікейұлы, Есімов Ғафиз Қадырұлы, Әбілов Шахмардан, Талғат Күзембаев, Жанат Шыбықбаев, Талғат Мұсабаев, Сүндет Байғожин, Азамат Жылтыркөзов, Андрей Трегубенко, Дулат Тоқанов, Олег Татамиров және т.б вокалды дауыстық ерекшеліктерімен қазақтың әншілік музыкасын туын жықпай дамытып келеді.

Жоғарыда атап өткен опера жанрындағы баритон дауысты орындаушылардың шығармашылығы, олардың орындаушылық ерекшеліктерін зерттеу бүгінгі күнде өзекті болып отыр.

**Зерттеу мақсаты:** Қазақ музыкасындағы академиялық вокалдың дамуы, оның шетел сахналарындағы бағындырған белестері жайлы зерттеу.

**Зерттеудің міндеті:**

- Баритон дауысына сипаттама беру
- Қазақстан опера өнеріндегі баритон дауысты ұлы орындаушыларына тарихи шолу жасау
- Қазақ опера өнеріндегі саңлақтар байланысын айқындау
- Баритон дауысына жазылған әнге талдау жасау ерекшеліктерін көрсету

**Зерттеу нысаны:** Академиялық әншілік дәстүрді талдау және олардың ерекшеліктерін айқындау.

**Зерттеудің пәні:** орындаушылардың шығармашылығын зерттеп, мәдени мұраны толықтыру.

**Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері:** Зерттеу жұмысын жазу барысында, тақырып жан-жақты қарастырылады. Теориялық –

ғылыми зерттеулерге арнайы жазылған басылымдар «Қазақ мәдениеті» және «Қазақ өнері» энциклопедиясы, Операға қатысты көптеген мақалалар жинақтарын және де т.б, опера жанрын зерттеген авторлардың көптеген мақалалары, очерктері, тағы басқа мәліметтері қолданысқа енеді.

**Зерттеу жаңалығы:** Қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатқан академиялық вокал жанрындағы негізгі орындаушылардың шығармашылығымен таныстыру

**Зерттеудің мәнділігі:** Зерттеу жұмысының мазмұнын арнайы курс пәндерінің лекция қолданысына енгізу. Ән салу бөлімі студенттерінің бағдарламаларына тақырып ретінде кірістіру.

**Зерттеу жұмысының құрылымы:** Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

## I БӨЛІМ. «Өнердегі баритон дауысының көркемділігі мен тарихи ерекшеліктері»

### 1.1 Баритон дауысына сипаттама

Жалпы музыкалық дыбыстар әртүрлі тербелістер арқылы толқындар жиынтығынан құрайды, бірақ үні белгілі заңдылықпен шығуы керек. Кез келген үндер жиынтығы музыка бола бермейді. Дыбыстардың музыкалық үндестік заңдылықтарын, психологиялық, этикалық әсерлерін кең түрде, ұлы бабамыз – Әбу Насыр IX-ғасырда зерттеген болатын. Бұл еңбектері жинақталып, үлкен кітап түрінде жарық көрді [2]

Көп тараған дауыс тенор мен баритон. Классикалық бағытта айтатын әншілік өнерді **вокалдық өнер** дейді. Вокал — итальян тілінде «*Voce*» — дауыс деген мағынаны білдіреді. Дауыс — әншінің құралы болып табылады. Әншілік өнер құр дауыстың сыртында мағыналы сөз арқылы адамның ішкі жан дүниесіндегі әртүрлі толқуларды, эмоциялық құбылыстарды көркемдеп, бейнелеп беруге тиіс. Әнші әнді көркемдеп, мәнерлеп айту үшін соған жеткізетін техникалық процесті, әдістемелерді «вокал» дейді [3].

Жалпы вокал өнерінде дауысты ерлер және әйелдер дауысы деп қарастырады. Әйел адамның дауысы: сопрано, меццо сопрано, контральто болып бөлінсе, ал ерлер дауысы: тенор, баритон, бас болып бөлінеді.

**Баритон** - итальян тілінен «baritono», грекше «βαρύτονος» — төменгі дауыс деген мағынаға ие [4].

Баритон дауысы – бас пен тенор арасындағы дауыс. Лирикалық және драммалық баритон болып та бөлінеді. Операда Баритон дауыспен көбіне, ақыл-ой тереңдігімен, қаһармандық күш-жігермен ерекшеленетін басты немесе жетекші партиялар орындалады.

Баритон дауысының құрайтын диапазоны:  $A_2$  —  $A_4$  (үлкен октаваның ля бемоль – бірінші октаваның ля нотасына дейін құрайды). Қосалық нота  $C_4$  —  $E_4$  (до #, ре, ре #, ми бірінші октава). Баритон түрлері: лирикалық, лирико-драммалық, драммалық, бас-баритон.



Баритон түрлеріне тоқталсақ:

**Лирикалық баритон** - лирикаға бай, өте жеңіл, баритондық дауысты естілетін, жоғары тесситураны қамтитын дауыс болып естіледі.

**Лирико-драматургиялық баритон** – бұл дауыс өте жарқын, тембрі жарық және белгілі бір күші бар. Драматургиялық және лирикалық партияларды да орындау мүмкіндігі бар.

**Драматургиялық баритон** – қоңыр дауысты қамтитын дыбыс, күші өте мықты, ортаңғы және жоғарғы диапазонды қамтиды. Бұл дауыстың тесситурасы төмен, бірақ шығарманың кульминациялық шегіне келген уақытта керек дыбысты алуға мүмкіндігі бар.

**Бас-баритон** – бұл аралық дауыс, бас дауысының сиппатамасына сәйкес келетін дауыс, жоғары дыбысты еркін алады. Төменгі ноталарды (соль үлкен октаваның). Дыбыстық ауқымдылығы өте мықты.

**Тенор-баритон** – тенор дауысына жақын, жоғары тенордың дыбыстылығына назар аударылады, бірінші октаваның ля нотасы.

Баритон дауысы ортаңғы және жоғарғы дауысты қамтиды, үлкен октаваның ортаңғы бөлігімен кішкентай октаваның жоғарғы дыбыстарын қамтиды. Бұл дауысты тек диапазон арқылы шешуге болмайды, көптеген ерлер жас уақыттарында бұл ноталық белгілерді өздерін еркін ұстайды.

Баритон дауысы – тембрге бай. Жоғары дыбысты қамтитын дауыстық бояуға бай келеді. Дыбыстық конструкциясы бір қалыптылықты ұстап отырады. Баритон дауысының түрлерін дайындық барысында айқындауға болады. Баритон дауысы әйелдердің меццо-сопрано дауысындай бағдарламанған бір бағыттағы дауыс болып келеді. Классикалық бағытта диапазон 2 октаваны қамтыған болса, ал қазіргі таңда заманауи вокал мектебінде оның мүмкіншілігі мол болып келеді, себебі эстрадалық бағыт қосылғандықтан ерекшеленіп тұрады. Баритон дауысының классификациясы ол еркін, жоғары дыбыстылықты еркін алуға мүмкіншілігі бар, бірақ терең ноталар жатпайды. Баритон дауысы репертуары бас дыбысының да репертуарын еркін айта алады. Бұл дауыстың ерекшелігі.

Ойымызды түйіндей келе, Қазақстандағы академиялық вокалдың қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатқандығын айтқымыз келеді. Бұл вокалдық әдістемелік нұсқасы болсын, жалпы орындаушылық ерекшіктері болсын Отандық әдістемелер зерттелініп, көбею үстінде. Бұл қазіргі таңдағы қазақ музыкасының даму сатысының көтерілгендігін ерекше айқындайды.

## **1.2 Қазақстан опера өнеріндегі баритон дауысты орындаушыларына тарихи шолу**

Баритон-ер адамның тенор мен бастың аралығындағы регистрде шығатын қоңыр дауысы, диапазоны -үлкен октаваның ля нотасымен бірінші октаваның фа нотасы.

Жалпы әлемдік деңгейде дамыған бұл баритон дауысы өте ерекше өз орнын тапты деп айта аламыз. Баритон дауысында орындаушылар қатарын үш дауыстық қатарға бөле отырып атауға болады. Лирикалық баритон, драмалық және лирико-драмалық.

Қазақ музыкасында опералық әншілер, қазақтың әншілік өнерін дәріптеген Кәукен Кенжетәев, Ришат пен Мүсілім Абдуллиндер, Ермек

Серкебаев, Дауыл Хайруллин, Авхий Хавлаш Әбікейұлы, Есімов Ғафиз Қадырұлы, Әбілов Шахимардан, Талғат Күзембаев, Жанат Шыбықбаев, Талғат Мұсабаев, Сүндет Байғожин, Азамат Жылтыркөзов, Андрей Трегубенко, Дулат Тоқанов, Олег Татамиров.

Атақты қазақтың әншілік өнерін дәріптеген опералық әншілердің өмірі мен шығармашылығына тарихи шолу жасасақ.

**Кәукен Кенжетаев** – алыптар тобынан қалған әлеуетті тұлға. Арқалы артист, ардақты әнші, Ардагер өнер иесі. Биыл Қазақстанның халық әртісі Кәукен Кенжетаевтың туғанына – 105 жыл толды. Ол – әнші, актер, Қазақ ССР-нің халық артисі, Ш.Айтматов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, СССР Кинематографистер Одағының мүшесі, режиссер, драматург, аудармашы. Халық әндерінің бағын ашып, көрермен құлағының құрышын қандырған атақты баритон [9].

Кәукен Кенжетайұлы – ұстаз, музыкалық комедия актерлерін дайындайтын кафедраның тұңғыш ұйымдастырушысы, көп жыл меңгерушісі, беделді профессоры болды.

**Ағайынды Абдуллиндер.**

**Абдуллин Мүсілім.** Қазақ опера әншісі (тенор), Қазақстанның халық әртісі (1947). 1916 жылы 14 наурызда Өскемен қаласында дүниеге келген. 1932 жылы Алматы музыкалық техникумына қабылданды.

1935-38 жылдары Мәскеу консерваториясының жанындағы қазақ студиясында оқып, профессор А. И. Вишневскийдің класында әннен сабақ алды.

1938 жылдан Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисі, "Қыз Жібек" операсында Төлеген, "Ер Тарғында" Балпан, "Жалбырда" Қайрақбай, "Евгений Онегинде" Ленский, "Абайда" Әзім т. б. опералық партияларды орындады.

Ол 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. М.Абдуллин әнші ретінде қазақтың халық әндерімен бірге отандық және шетелдік композиторлардың ән-романстарын ерекше нақышпен орындаған [10].

Алматы қаласында ағайынды Абдуллиндер атында көше бар. 1996 жылы дүниеден озды.

**Абдуллин Ришат** *Абдуллин Ришат. Қазақ опера әншісі (баритон), Қазақстанның (1947), ҚСРО халық әртісі (1967). 1916 жылы 14 наурызда Өскемен қаласында дүниеге келген. Кәсіби музыка өнеріне көркемөнерпаздар үйірмесінен келді. 1933 ж. Алматы музыкалық техникумында, 1936 ж. Мәскеу консерваториясының жанынан ашылған қазақ студиясында оқыды. Профессор А.И.Вишневский класында әннен сабақ алды.*

*Абдуллин Ришат.* Қазақ опера әншісі (баритон), Қазақстанның (1947), ҚСРО халық әртісі (1967). 1916 жылы 14 наурызда Өскемен қаласында дүниеге келген. Кәсіби музыка өнеріне көркемөнерпаздар үйірмесінен келді. 1933 ж. Алматы музыкалық техникумында, 1936 ж. Мәскеу консерваториясының жанынан ашылған қазақ студиясында оқыды. Профессор А.И.Вишневский класында әннен сабақ алды.

1939 жылдан Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының әнші-солисі. Қазақтың ұлттық опера өнерінің өркендеуіне елеулі үлес қосты. "Абай", "Травиата", «Даиси», "Демон", "Ер Тарғын", "Біржан-Сара", "Кармен" т. б. операларда басты партияларды айтып, Абай, Жермон, Онегин, Киэзо, Эскамильо т.б. кейіпкерлердің образын жасады.

Концерттік программасы да жан-жақты. Репертуарында қазақтың жүздеген әндерінен басқа орыс, татар т. б. туысқан халықтардың әндері бар. Р.Абдуллин Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Алматыда ағайынды Абдуллиндер атында көше бар. 1988 жылы дүниеден озды.

*Ермек Серкебаев* - опера өнерінің дүлдүлі Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаев Петропавлда 1926 жылы 4-шілдеде дүниеге келген. Кейін отбасымен Алматыға қоныс аударып, үшінші сыныптан бастап қаладағы № 54 орта мектепте оқиды.

Жетінші сыныпта П.И. Чайковский атындағы музыкалық училищесінде оқуын жалғастырып, 1941-1943 ж. П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық училищесінде скрипка класы бойынша оқиды. Алайда отбасылық жағдайлармен оқуын жалғастыра алмай, тастауға мәжбүр болады. Радиоға жұмысқа орналасып, диктор болып қызмет атқарады. Скрипкада ойнай алатын Ермекті хор жетекшісі Антон Максимович Москаленко хорға әнші болуға шақырады. Хордан жұмыс істеген сәттен бастап-ақ ол опералардағы белгілі классикалық арияларды орындайды.

Мәскеуде әндерін үнтаспаға жаздырып, Левинтанмен танысады. 1946 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына қабылданып, Курганов сыныбында оқып, 1951 жылы оқуын ойдағыдай бітіреді. 1947 жылы Абай атындағы Опера және балет театрының шығармашылық ұжымына жұмысқа орналасады.

«Евгений Онегин» операсында – Евгений, «Травиатадағы» – Жермон рөлдерін жоғары дәрежеде шырқайды. Келесі рөлі – «Севиль шаштаразындағы» – Фигаро. Серкебаев орындаған партиялардың ішінде Қожағұл, Амангелді (М.Төлебаев, "Біржан мен Сара"; М.Төлебаев және Е.Брусиловский, "Амангелді"), Абай, Серке (А.Жұбанов пен Л.Хамиди, "Абай"; С.Мұхамеджанов, "Айсұлу"), Тарғын, Артем (Е.Брусиловский, "Ер Тарғын", "Дударай"), Онегин, Елецкий (П.Чайковский, "Евгений Онегин", "Пиковая дама"), Петруччио (В.Шебалин, "Укрощение строптивой"), Фигаро (Дж.Россини, "Севильский цирюльник"), Валентин ("Фауст"), т.б.

**Ғафиз Қадырұлы Есімов** – 1947 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданы, Соройченко ауылында туған. Опера әншісі, лирикалық баритон. Қазақстанның халық артисі (1987) [13].

1975жылы Алматы консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. 1973 жылдан Қазақ академикалық опера және балет театрының әншісі.

Негізгі партиялары: «Абай» операсында Абайдың рөлі (А.Жұбанов пен Л.Хамиди, Е.Брусиловскийдің «Дударай» операсында Думан рөлі, А.Жұбанов пен Ғ.Жұбанованың «Құрманғазы» операсында Құрманғазының рөлі, П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсында Онегин рөлі, Дж.Вердидің «Травиатасында» Жермон рөлі, Дон Жуан рөлі асқан шеберлікпен сомдайды.

**Авхий Хавлаш Әбікейұлы** – 1996 жылдан бері Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында білікті ұстаз қызметін атқарып жүрген өнер иесі. 1976 жылы Моңғолия елінің атақты әртісі, 1981 жылы Моңғолия елінің Халық әртісі, 2005 ж Қазақстан Республикасының атақты өнер қайраткері [14]. Болгария елінеде Софий консерваториясын оқиды, Болгария халық әртісі Христо Бырымбургов класынан.

**Дауыл Хайруллин.** Табиғаты сұлу Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданына қарасты Құйған аулында дүниеге келген. [15].

Дауыл «Әсем» ансамблімен Париж қаласында өнер көрсетті. Қанша тыңдасаң да жалықтырмайтын Дауылдың орындауындағы әндер Франция жұртшылығының жүрегіне жол тапты. Кезінде ән атасы Әміре шырқаған үлкен сахнада қазақтың тағы бір әншісі осылайша өнер көрсетті.

Дауыл Хайруллин 1976 жылы Республикалық «Жігер», 1977 жылы Бүкілодақтық әншілер фестивалінің, 1985 жылы Күләш Байсейітова атындағы байқаудың лауреаты атанды.

**Талғат Пердебекұлы Күзембаев** - қазақ композиторларының, сондай-ақ дүниежүзілік классикалық музыка шығармаларын шеберлікпен орындайтын опера әншісі. Ол 2006 жылы ҚР Әнұранын ресми тұңғыш орындаған еді [16].

1994-1998 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының вокалдық-хор факультетін Қазақстанның халық артисі, профессор Ғафиз Есімовтың классын бітірген.

1998-2000 жылдары Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының асперантурасын бітірген. Оқуды бітіргеннен



кейін Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына труппасына қабылданады.

Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры сахнасында: Бұл жерде опералық орындаушылық репертуарынан кең орын алды.

Негізгі орындаған партиялары: Жанбота, Жиенқұл (М.Төлебаев, «Біржан – Сара»), Абай, Жиренше (А.Жұбанов пен Хамидидің осы аттас операсы), Бекежан (Е.Г.Брусилковский, «Қыз Жібек»), Абылай хан (Рахмадиевтің осы аттас операсы, 2004; ҚР Мемлекеттік сыйлығы, 2006). Сонымен қатар Н.А. Римский-Корсаков, П.И.Чайковскийдің Ж.Бизе, Дж. Пуччини, Дж. Верди операларында күрделі партияларды орындады.

**Шахимардан Әбілов** - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі. Шахимардан Қайдарұлы - 1950 жылы 23 сәуірде Павлодар облысының Шарбақты ауданы Арбиген ауылында дүниеге келген.

Әнші репертуарында 500-ден астам жұмыс. - ариялар, романстар, қазақ және шетелдік композиторлардың әндері. Ол А.Жұбанов пен Л.Хамидидің (Абай), П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегин» (Онегин), Моцарттың «Белл» (Анибаль) және «Фигаро үйленуі» (Фигаро), Г.Жубанованың «Еңлік-Кебек» («Абыз, Есен) және басқада көптеген шығармаларды орындаған.

**Талғат Мұсабаев** - Астана операсының жетекші солисті Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

2002 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын бітірді, жеке ән айту мамандығы бойынша, Италияда стажорлықтан өтті: Джеси, Милан (La Scala Academy), Болонья (Comunlae театр академиясы).

2001 жылдан бастап - Абай атындағы опера және балет театрында әнші болған . 2004 - 2007 жылға дейін - Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы болған («Жеке ән салу» мамандығының). 2013 жылы «Астана Опера» театрының жетекші солисті атанды. Шығармашылықпен көптеген елдерде болды: Ресей қаласындағы, Ресейдің Үлкен театрының сахнасында П. Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсында Онегиннің партиясын (Мәскеу, 2003) орындады,

2004 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік халық аспаптар оркестрімен Құрманғазы камералық оркестрі «Солистер академиясы» мен Италия, Рим, Генуя, Флоренция, Сиракуза және басқа қалаларды аралап шықты.

АҚШ-тағы, әлемнің ең беделді сахналарында концерттерге қатысады: «Карнеги Холл» (Нью-Йорк) және Кеннеди атындағы орталық шығармашылық ғимаратында(Вашингтон) «Қазақстан әндері мен әуендері» (2005)шығармасымен өнер көрестеді

**Сүндет Байғожин** - 1984 жылғы 13 наурызда дүниеге келген. Мұсақожаева атындағы Қазақ ұлттық музыка академиясында жеке ән айту бөлімінен тәмдады. Италияның Джесси қаласында тәжірибе курстарынан өтті, Италияның Осимо қаласындағы Accademia D'Arte Lirica-дан академиялық бағыттағы дайындық курсы аяқтады. 2015 жылы Rossini

академиясының Rossini фестивалінің шақыруы бойынша, Rossini академиясында әншілік курстарын бітірді.

Еңбек жолын К. Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрының труппасында бастады. Бүгінгі күні Сүндет - «Астана Опера» театрының жетекші солисті. Өзінің репертуарында бельканто шығармаларының В.А. Моцарт, Дж. Россини, Дж. Пуччини, Г.Донизетти, О. Оффенбах, П. Чайковский және С.Рахманинов.

Сүндет Байғожин әлемнің сахналарында Нью-Йорктегі Carnegie Hall, АҚШ-тың Берлин филармониясында, Париждегі (Франция) Шанзелисе, Вена концерттік үйінде (Австрия) танымал әлемдік деңгейде, ол сондай-ақ Түркияда, Иордания Хашимит Корольдігінде, Белоруссияда, Жапонияда, Италияда, Түрікменстанда, Ресейде, Башқұртстан Республикасында және Оңтүстік Кореяда өнер көрсетті

## **II бөлім. «Қазақ опера өнеріндегі баритон орындашылардың маңызы»**

### **2.1 Қазақ опера өнеріндегі саңлақтар байланысы**

Опера – сөздер синтезіне, сахналық әрекет пен музыкаға негізделген сазды-драмалық шығарма түрі. Қызметтік міндеттерін музыка атқаратын драмалық театрдан ерекшелігі, операда әуен қимылдың негізгі жеткізушісі болып табылады [22,56].

Қазақтың опералық театр сахнасында ерекше орын алған опералық өнердегі орындаушылар жайында айтып өтер болсақ. 2001 жылғы танылған опера саңлақтары Кәукен Кенжетәевтың опера сахнасында орындаған партиялары негізінен орыс, қазақ опера труппасының репертуарына қойылған опералардан жасақталған. Әнші алғашқы күннен бастап ұлттық репертуарға емін-еркін кірісіп кетсе, орыс, Еуропа композиторларының классикалық репертуарынан да сүйекті образдар қатарын сомдады [24].

Белгілі сыншы Әшірбек Сығайдың «Кәукен Кенжетәев классикамыз бен әлемдік інжу-маржандарды халқымызға өз деңгейінде таныта білген сахнагер» – деген пікірі бар. Қаукен ағаның театрда режиссерлік қызмет атқарып жүріп, шоқтығы биік өнер туындыларын сахналады. Шығармашылық ізденіс, байқампаздық сынды асыл қасиеттер режиссердің талантын шыңдап, қабілетін таныта түсті. Мәселен Е.Брусилковскийдің «Амангелді», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Жалбыр», П.Чайковскийдің

«Қарғаның мәткесі», Е.Рахмадиевтің «Алпамыс», С.Мұхамеджановтың «Айсұлу» комедиялық операларын ерекше атап өтуге болады.

Бұл туралы Аманкелді Мұқан «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Сегіз қырлы, бір сырлы» атты мақаласында: «Қойылымдардан ұлттық операдағы дәстүрлі жалғастықты көруге болады. Ол алдымен, ұлттық спектакльдерді сахналауда алдыңғы буын салып кеткен сүрлеуді бұзбай, сол үлгіні сәтті жалғастыра алады [25]. Жалпы баритон дауысты орындаушылардың 2001 жылдан 2011 жылға дейінгі аралықтағы байланысты айтар болсақ, бұл өкілдер ең осы опералық әншілік өнерді насихаттаушылар болып табылады.

Кәукен Кенжетаев, Ермек Серкебаев, Ғафиз Есімов, Дауыл Хайруллин, Авхий Хавлаш Әбікейұлы, Есімов Ғафиз Қадырұлы, Әбілов Шахмардан, Талғат Күзембаев, Жанат Шыбықбаев, Талғат Мұсабаев, Сүндет Байғожин, Азамат Жылтыркөзов, Андрей Трегубенко, Дулат Тоқанов, Олег Татамиров және де тағы да басқа опералық әншілеріміз бар деп айта аламыз.

Бұл әншілердің арасылығындағы байланыс ол әндерді өз қалпында жеткізгендігі. Табиғи орындау ерекшелігін қолға ала отырып, оны қазіргі таңда да насихаттап келеді. Қазақ музыкасының дамуында қазіргі уақытта көптеген шетелдік байланыстар, шетел сахналарындағы практикалық байланыс орнап, ұлы орындаушылардың байланысы қазақ музыкасының опералық орындаушылар арасында дамып келеді. Жалпы, бұл біздің қазақ музыкасының дамуына ерекше өз үлесін қосқан, опералық музыка тарихында дәріптеп бізге берген музыкалық мұрамыздың жемісі деп білеміз.

Заманына қарай ағымы, білім, музыкасы өзгеріп отыратын уақытта қазақ музыкасының баритон дауыстың қоңыр үнін сақтап қалу ол әр бір баритон дауысты орындаушының міндеті деп білеміз.

Осы тұрғыда 2001 және 2011 жылғы баритон дауысты опера әншілерінің байланысын айтар болсақ жалпы қазақ музыкасындағы баритон дауысты әншілер болсын, басқа да дауысты әншілер болсын, бірқатар байланысты атап көрсетуге болады. Бұл әрбір вокалист орындаушысының орындаушылық ерекшелігіне, шығарманы түсіне орындап, образға кіріп орындау жайында айтылып отыр. Жалпы алар болсақ қазіргі уақытта вокал өнері қарқынды дамып келеді.

Консерватория қабырғасында студенттерді әншілікке баулығанда әншінің үні, әуезі, әншілік негіз Еуропалық үрдісте тәрбиеленеді. Себебі Симфониялық оркестрде 40-тан аса аспап бар. Оның барлығы бізге Еуропадан келген. Оркестр орта бір тон бергенде ол домаланып, Еуропалық сөз саптау өлең айту мәдениетінде үндестік бар сұранысты талап етеді. Қазақ тілді сөзіне сөз саптау мәдениетіне жат, құлаққа түрпідей тиетін жайттар кездесіп қалады.

Қорытындылай келе айтарымыз, бұл ерекшеліктер Тәуелсіз елдегі әншілердің арасында байланыстың негізгі күші ол орындаушылық ерекшелік, ағымға музыканың дамуына байланысты өзгерісті талап ететін музыка болғанымен, оның ең басты ерекшелігі шығармашылық байланыс, ұқсастық

болып келеді. Бұл қазіргі уақытта академиялық вокал мамандығының дамуы жас буындардың орындаушылық ерекшеліктеріне байланысты келеді.

## **2.2 Баритон дауысына жазылған шығармаларға талдау жасау ерекшеліктері**

Ән дегеніміз – үнділік, көркемдік қасиеттері бар әуеннен құралады. Бүгінгі кезде айтылып жүрген әндер дауысына қарай халық әні, лирикалық ән, эстрадалық, опералық орындалатын әннің түрлері және т.б. болып бөлініп жүр. Тарихтың прогрестік жолымен дамуы дүниеге алуан – алуан идеялық мазмұнды әндерінің көлемді шығармалардың тууын жеделдетті. Мысалы: «Амангельді сарбаздарының маршы», «Өндіріс», «Жас қазақ» т.б [27-28].

Халық әндерінің бір ерекшелігін айтпай кетуге болмайды. Әрбір әнді байқап қараса, олардың өлеңдері бірнеше шумақтан пайда болып, сол шумақтардың ішіндегі тармақтары бір – бірімен ырғақ жағынан сәйкестеніп келеді. Бұны біз шумақтық әндер дейміз.

Лирика әндер —қазақ музыкасының ең бай мұрасы. Идеялық-эмоциялық мазмұны кең, тақырыптары адамзаттың қуаныш-мұңы, өкініші, махабаты, табиғат сұлулығы, жан-жануарлар әлемі, сұлу қыз, жүйрік ат, алғыр тазы, өкіншіті өмір т.б. туралы сан қилы болады.

Лирикалық әндердің поэтикалық мазмұны музыкалық әуенмен тамаша үйлесіп, көркем тоғысады. Сонымен бірге, интонациялық ерекшелігі мен мәнерлік қасиеті сұлу сомдалады. Қайырма-арындағы «Ай-ай», «Беу-беу», «Ей», «Ахау», «Қарағым-ау», «Сәулем-ай», «Шіркін-ай» сияқты әсем әуен қозғалыстармен көмкеріліп әдемі көрік берді[29, 25-62бб].

Бұл топтарды жіктеу арқылы кез келген ұлттың өзіне тән қайталанбас өнері көрінеді, яғни біздің мәдениетіміздің кескін-келбеті, тәрбиелілігі, болмысы, ұлттық рухы осы әндер арқылы қалыптасты

Лирикалық шығармалардың әуендері ерекше сазды, әуезді, кең ауылқымды болып келеді. Бұларға күрделі ырғақ пен көлемді құрылым тән. Лирикалық жанр адамның ой-сезімі мен толғаныс, көңіл-күйінің түрлі қырларын суреттейді. Шығармадағы жеке адамға тән мінез бен сезім көпшіліктің көңілінен шығып, ол ән халықтың рухани мәдениетіне еркін енеді.

Лирикалық әндердің мазмұны мен тақырыбы әр алуан. Бұлар махаббат сезімін, сүйікті адамның асыл қасиеттері мен ажарлы көркін («Назқоңыр», Абайдың «Айттым сәлем, қалам қасы», Мәдидің «Үш тоты құсы», Біржанның «Ақ тентегі»); сүйгеніне қосыла алмаған жастардың қайғы-зарын («Ақбөпе», Ақанның «Сырымбеті», Абайдың «Татьянаның сөзі»), толғайды.

Бұл әндердің енді бір үлгілерінде сұлу табиғаттың көркем суреттері бейнеленеді (Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып» әндері). Лирикалық әндерде албырт жастық шақ, адамның өмірдегі орны туралы терең философиялық ой-толғамдар үлкен тебіреніспен жырланады (Абайдың «Қарашада өмір тұр», «Сұлғылт тұман дым бүркіп», Естайдың «Дүние-айы») т.б. әндерді үлгі ретінде келтіруге болады [30, 6б].

Жақын адамның не жақсы көретін құсының, атының өліміне арналған зарлы әндерде қайғылы сезім, мұң әсерлі беріледі (Ақан серінің «Құлагері», «Қараторғайы»). Осындай мазмұндық байлығына қарай лирикалық әндер екі негізгі топқа бөлінеді: Махаббат лирикасы және табиғат лирикасы.

Махаббат лирикасының мазмұны мен тақырыбы әр алуан да өте бай. Мысалы, Сегіз серінің «Назқоңыр» әні сүйген жардың көркем келбетін суреттесе, халық әні «Ақбөпе» кедей жігіттің қалың мал төле алмай, сүйген қызынан айрылып қалған күйініш сезімін бейнелейді.

Халық әнші-композиторларының сүйікті жарын суреттеген туындыларының тілі айшықты, өрнегі мол, метафора, теңеулерге өте бай. Қазақтың бай табиғаты халық ақындары мен композиторларын әдеби-музыкалық суреттерді шырқауға шабыттандырды. Табиғат суреттері адамның шындық өмірімен оның ой-толғауларына, шаттығымен күйінішіне тығыз байланыста туды [31].

Баритон дауысында орындалатын әндер қатарында халық әндеріне де бай. Орындаушылардың репертуар қорында айтылып жүрген әндердің қатарынан ерекше сабырлы, баяу орындалатын, қоңыр әнді, қоңыр дыбыстылықты қамтитын «Назқоңыр» әнін атап өтуге болады.

**«Назқоңыр» әні** – қазақтың 100 әнінің біріне кіретін халық әні. XIX ғасырдың бірінші жартысында Сегіз сері өзінің ақындық, әншілік, композиторлық, күйшілік, батырлық, палуандық өнерімен қазақтың баға жетпес өлеңдер қатарына «Назқоңыр» әнінің сөзін де, өлеңін де шығарып өз үлесін қосқан [32]. Бұрын бұл ән халық аузынан кетпейтін, қазір де жүрегімізде сол заманның естелігі ретінде қалды. Сегіз серінің өлеңдерінің көпшілігі негізінен махаббат лирикасына жатады. Бұл әнді қоңыр, баритон дауысты орындаушылардың репертуарынан жиі естіліп жатады.

«Назқоңыр».



Бұл халық әнде жалпы халық әндеріне лайықты кездесетін жалғаулық «Аха-хай», «Ги-ги-гай», «Ди-ди-дау», «Ха-лә-ләй», «А-хау», «Ей-ей-ей», «Ай-ай-ай», «Ох-ох-ох» деген дауысты және дауыссыз дыбыстарды қосып әннің басында немесе қайырмасында ұзақ вокализдер қолдану өте жиі кездеседі. Қазақтың вокалдік фольклерінде вокализдің алатын орны өте

ерекше. Әсіресе вокализдер халық әндерімен халық композиторларының әндерінде өте жиі қолданылады [33].

Қазақстан композиторлары – А.Жұбанов, М.Төлебаев, Е.Брусиловский, Л.Хамиди, Н.Тілендиев, Ә.Еспаев, С.Мұхаметжанов, Е.Рахмадиев, Х.Мусин, Е.Хасанғалиев, Т.Базарбаев, Ш.Қалдаяқов, Ә.Бейсеуов т.б. сазгерлердің көптеген әндерінде вокализдер кеңінен пайдаланады. Қазақ академиялық әншілік өнерінің қалыптасуына байланысты профессионал композиторлар әншілердің дауыс мүмкіндігіне орай, баритон дауысты әншілерге арналған әндер мен романстар жазып, әншілердің дауыс бояуын және диапазонын көрсетуге мол мүмкіндік туғызды [35]. Сол әндердің ішінде Е.Рахмадиевтың «Бала ғашық» әнін алар болсақ.

**«Бала ғашық» романсы** – сөзі М.Мақатаевтікі – сезімге толы, ерекше толқыныспен, көңіл күйді жеткізетін романс [37]. Бұл романс – (cantabile) яғни әндете, әуелете орындау ырғағында жүреді. Жалпы романс – құрама өлшем бірлігінде, 6/8, 9/8 өлшемдері романс барысында кездесіп отырады. Тональдігі – E dur да берілген.

Орындаушылық талдау мен әдістемелік талдау жүргізсек, жалпы романс екі куплетті қамтитын ән болғандықтан ең алдымен оның мінезін көрсету ол орындаушыға байланысты.

#### Бала ғашық романсы

1) *Cantabile, poetico* Сөзі М.Мақатаевтікі

Романс сүйемелдеу кезеңі триольдармен, толқынды бейнелегендей көрінеді. Жалпы 6/8 өлшем бірлігі құрама өлшем бірлігі тобына жатады. Жай өлшемдерді біріктіре отырып құрылатын бұл өлшем триоль түрінде жүреді.

Әндете, поэтикалық құрылымда жүретін лирикаға толы әуен. Ақынның сөзіне жазылған әуеннің ажарын ашып тұрғандай естіледі.

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз, жалпы бұл баритон дауысты әндердің ерекшелігі ол жеткізе орындау, жүрекпен орындау болып табылады. Асқан күрделілігі жоқ әндердің басты мақсаты ол жазылған ноталық ырғақтың ерекшелігі мен оның орындау мәнері болып табылады.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе Бірінші тарау бойынша теориялық тұрғыда баритон дауысына сипаттама айтылып және де отандық орындаушылар және шетел орындаушыларына тарихи шолу жасалынды.

Екінші тарау бойынша практикалық тұрғыда 2001-2011 жылғы вокалды орындаушылардың арасындағы байланысы, жалпы даму жайлы жазылса, екінші тармақшасы бойынша баритон дауысына арналған әндерге сипаттама беріліп, олардың талдау ерекшелігін көрсеттік.

Бөлімде қазақтың халық әндеріне талдау жасау арқылы қамтылып, жалпы орындаушылық ерекшелік негізінде зерттеулер жүргізілді. Ұлттық бояуды сақтай отырып теориялық тұрғыда емес, практикалық тұрғыда баритон дауысындағы репертуарлық әнмен классикалық орындаушылықты бір қалыпта ұстай отырып, орындаушылық шыңға әкелген тұңғыш опералардағы орындаушылық бояуды сақтап қалу, тереңірек айтқанда дәстүрлі әндерді, халық әндердің табиғатын жоғалтпай, оның түпкі мағынасы яғни дұрыс айту ерекшелігі, халыққа жеткізу ерекшеліктері бойынша жұмыс жасалуы керек.

Бұл өте қиын да әрі зерттелініп орындалуды талап ететін дүние. Дегенмен, жасалған еңбектердің негізгі зерттеулеріне сүйене отырып, қазақылық орындау мәнерін жоғалтпау ол өзіміздің мойынымызға артылған жүк деп білеміз.

Баритон дауысты қоңыр дыбыстылықты қамтитын орындаушыларымыз, қазіргі уақытта дамып келеді. Соның ішінде жас буындардың қатары да көп деп атай аламыз. Қазақ музыкасын дамытуда көптеген еңбектер жүргізіп, дара жолын салып кеткен ағаларымыздың бұл жастарға берген сыйы деп есептейміз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ музыкасының тарихы: 2-томдық, 1-том: Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы: аспаптық және ән өнері. /Т.Жұмалиева, А.Темірбекова-Алматы:Ғылым, 2000. – 216
2. Әбу-Насыр-Әль-Фараби, «Музыканың ұлы кітабы»
3. Әбікейұлы Қабылаш Кәсіби әншілік өнері: оқулыққа қосымша методикалық құрал. — А, 2004. – 43 б.
4. Дмитриев.Л.Б. Голосовой аппарат певца //Леонид Борисович Дмитриев. /под ред. П.Л. Чаплина/ – М.: Музыка, 2004. – 35 с.
5. Емельянов В.В. Практический метод воспитания голоса / В.В. Емельянов. – Москва, 2006, – 342 с.
6. Емельянов, В.В. Развития голоса: координация и тренинг /В.В.Емельянов. – СПб.: Лань, 2007. – 192 с
7. Патикина Л.П. Работа над вокальным – художественным выразительным произведений. //Фестиваль педагогических идеи. – 2006-2007. №16, – 236
8. Тұрмағанбетова Б.Ж. Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы музыка өнері. Очерктер. – Алматы: Жібек жолы,2013. – 288 б
9. Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы. – Шымкент: «Ғасыр-Ш», 2007. – 392б.

10. Момынұлы П. Музыкалы-эстетикалық тәрбие – Алматы: ҚазАқпарат, 2000. – 272бет
11. Қазақстанның музыка мәдениеті. – Алматы, – 1955
12. Қазақстан композиторлары. – Алматы. 1982, – 16.
13. Қазақ өнерінің тарихы. 3 томдық (орта ғасыр дәуірі) 2 том, – Алматы.– Өнер, 2007. – 392б.
14. Аманкелді М. «Егемен Қазақстан» газеті, №3, 23б
15. Қ.Жандарбековтің «Көргендерім мен көңілдегілерім» кітабы
16. Бекхожина Т. Қазақтың 200 әні. – Алматы, 1972, – с. 186
17. Күзембай С.Ә., Егінбаева Т.Ж. Қазақ музыкасының тарихынан дәрістер. – Астана. 2011. – 525б.
18. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236б
19. Кәрменов Ж. Халық әндері мен халық композиторларының әндері. – Астана: «Фолиант», 2002 – 232б.
20. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы. Т. Жұмағалиева, Д. Ахметбекова, Б.Ысқақов, Ә.Қарамедина, З.Қоспақов. Алматы: «Дайк Пресс», 2002
21. Нұғман Ә. Қазақтың әншілік дәстүрі. –Алматы: «Арыс» баспасы, 1 2009. – 240б.
22. Қазақ өнерінің тарихы. 3 томдық (орта ғасыр дәуірі) 2 том, Алматы. – Өнер, 2007. – 392б.
23. Дмитриев Л.Б. «Основы вокальной методики». Журнал. № 3. Стр. 141 171. 290 – 300.
24. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.
25. Бодабай Б. Тұлға: Сыр-сұхбатқа құрылған ғұмырнамалық роман.- Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2011. – 520бет
26. Мессман В. Әннің қайта тууы. – Алматы 1958.
27. Советтік Қазақстан композиторлары. – Алматы 1958.
28. Қазақстан композиторлары. – Алматы. 1982. – 16.